

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Түркия Республикасы Ауыл және орман шаруашылығы министрлігі арасындағы ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастық жөніндегі өзара түсіністік туралы МЕМОРАНДУМ

Меморандум, 2018 жылғы 13 қыркүйек

(2018 жылғы 13 қыркүйекте күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2018 ж., № 5, 65-құжат)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Түркия Республикасы Ауыл және орман шаруашылығы министрлігі, теңдік пен өзара сыйластық қағидаты негізінде ауыл шаруашылығы саласында өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға ұмтылып, 2003 жылғы 22 мамырда Анкарада жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы ұзақ мерзімді сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімді назарға ала отырып,

экономиканы дамытудағы және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі ауыл шаруашылығының жетекші рөлін ұғына отырып,

Тараптар мемлекеттері арасындағы ынтымақтастықты нығайту үшін барлық деңгейде тәжірибе алмасу мен ынтымақтастықтың қажеттілігін мойындай отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар арасындағы ынтымақтастық мынадай салаларда жүзеге асырылады:

- 1) өсімдік шаруашылығы өнімінің өндірісі, өсімдіктер карантині және оларды қорғау;
- 2) мал шаруашылығы және жануарлардың саулығы;
- 3) өсімдіктер мен жануарлардың генетикалық және биологиялық материалдарымен алмасу;
- 4) жерлер мелиорациясы (суарудың су үнемдеу технологияларын енгізу);
- 5) акваөсіру;
- 6) ауыл шаруашылығы зерттеулері;
- 7) тамақ және өңдеу өнеркәсібі.

2-бап

Осы Меморандумның ережелерін іске асыру мыналар арқылы жүзеге асырылады:

1) осы Меморандумның 1-бабында көрсетілген салаларда ақпаратпен және тәжірибемен алмасу;

2) өзара мүдделерді білдіретін мәселелер бойынша кездесулер ұйымдастыру;

3) Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында өткізілетін іс-шараларға тренингтер, зерттеулер, көрмелер, семинарлар, конференциялар және басқа сол сияқты іс-шаралар) қатысу.

3-бап

1. Тараптар осы Меморандум шеңберінде Ынтымақтастықтың жүзеге асырылуына мониторинг жүргізуге және оны бағалауға арналған жұмыс тобын құруға уағдаласты.

2. Жұмыс тобы әр елден бес мүшеден, оның ішінде делегациялар басшыларынан тұрады.

3. Жұмыс тобы Ынтымақтастық бағдарламаларын құру үшін жыл сайын немесе Тараптардың келісімі бойынша ара-тұра кезекпен Қазақстан Республикасында және Түркия Республикасында жиналады.

4. Жұмыс тобы:

а) ынтымақтастық бағдарламаларының іске асырылуын талдауға;

ә) ынтымақтастықты одан әрі дамыту және жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеуге ;

б) ынтымақтастық шеңберіндегі қызметпен байланысты мәселелерді шешу жөніндегі ұсынымдар үшін жауапты болады.

4-бап

Егер, әрбір нақты жағдайда өзгеше тәртіп келісілмеген болса, Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларында көзделген қаражат шегінде осы Меморандумды олардың орындауы барысында туындайтын шығыстарды Тараптар өздері көтереді.

5-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес осы Меморандум шеңберінде алынған материалдардың зияткерлік меншік құқықтарының қорғалуын қамтамасыз етеді.

Осы Меморандумға сәйкес бірлескен қызмет нәтижесінде алынған зияткерлік меншік құқықтары нақты бір жағдайға байланысты дайындалатын жекелеген келісімдерге сәйкес реттелуі тиіс.

Тараптар осы Меморандум шеңберінде алынған, “Құпия” деп белгіленген қандай да бір коммерциялық құнды құпия ақпаратты үшінші тараптарға мұндай ақпарат алынған қандай да бір Тараптың жазбаша келісімінсіз беруге құқығы жоқ.

6-бап

Осы Меморандумға Тараптардың өзара келісімі бойынша жазбаша нысанда, осы Меморандумның 8-бабында көзделген тәртіппен күшіне енетін, оның ажырамас бөліктері болып табылатын және жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

7-бап

Осы Меморандумның ережелерін түсіндіру немесе қолдану бойынша даулар туындаған жағдайда, Тараптар оларды келіссөздер мен консультациялар жолымен шешеді.

8-бап

Осы Меморандум қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Меморандум белгісіз мерзімге жасалады және Тараптардың бірі дипломатиялық каналдар арқылы өзінің осы Меморандумның қолданысын тоқтату ниеті туралы екінші Тараптан жазбаша хабарлама алған күннен бастап алты ай өткенге дейін күшінде болады.

Осы Меморандумның тоқтатылуы осы Меморандумның шеңберінде Тараптар жүзеге асыратын іс-шаралардың іске асырылуына олар аяқталғанға дейін әсер етпейді.

2018 жылғы 13 қыркүйекте Анкара қаласында әрқайсысы қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды, бұл ретте барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Меморандумның ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда ағылшын тілі басым күшке ие болады.

Қазақстан Республикасы Түркия Республикасы

Ауыл шаруашылығы Ауыл және орман шаруашылығы министрлігі үшін
министрлігі үшін